

Маңғыстау облысындағы жолаушыларды әлеуметтік мәні бар тұрақты тасымалдаулардың тарифтерін бекіту туралы

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 16 қарашадағы № 350 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 18 желтоқсанда № 2915 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы, «Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес және «Облыстағы жолаушыларды әлеуметтік мәні бар тұрақты тасымалдаулар бойынша тарифтерді келісу туралы» Маңғыстау облыстық мәслихатының 2015 жылғы 29 шілдедегі № 27/411 шешімі негізінде облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Маңғыстау облысындағы жолаушыларды әлеуметтік мәні бар тұрақты тасымалдаулардың тарифтері бекітілсін.

2. «Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесі (Т.Қ. Спанов) осы қаулының «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі мен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын, Маңғыстау облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналасуын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары С.Т. Алдашевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .

Облыс әкімі

А. Айдарбаев

« К Е Л І С І Л Д І »

Маңғыстау облысының жолаушылар
көлігі және автомобиль жолдары
басқармасы басшысының міндетін атқарушы
Т . Қ . С п а н о в

16 қараша 2015 жыл

Маңғыстау

облысы

әкімдігінің

2015

жылғы

16

қарашадағы

№ 350 қаулысына қосымша

Маңғыстау облысындағы жолаушыларды әлеуметтік мәні бар тұрақты тасымалдаулардың тарифтері

№	Маршрут атауы	Жолақы құны (бір бағытта) теңгемен
1	Ақтау – Форт-Шевченко – Ақтау	400
2	Ақтау – Батыр – Ақтау	100
3	Ақтау – Құрық-Ақтау	210
4	Ақтау-Жетібай -Ақтау	300

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК